

XFTAP 16.31.02

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp82-93](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp82-93)

Ж.А. Жетесова¹, С.С. Исакова¹

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, 030000, Қазақстан Республикасы

ЭТИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ АНИМАЛИСТІК ЛЕКСИКАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ (ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ БОЙЫНША)

Зерттеуде этиологиялық ертегілердегі анималистік лексика лингвомәдени талдауға алынған. Зерттеудің мақсаты – қазақ ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени сипатын тіл мен мәдениет байланысында түсіндіру. Зерттеу нысаны ретінде қазақ тіліндегі этиологиялық ертегілерден 1,25 баспа табақ мәтін алынды. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне отандық және шетелдік лингвомәдениеттанушы ғалымдардың тұжырымдары басшылыққа алынды.

Зерттеудің жаңалығы алғаш рет қазақ этиологиялық ертегілеріндегі анималистік лексикаға кешенді лингвомәдени талдауынан көрінеді. Мақалаға тіл білімінің антропоэзектік парадигмасы аясында қалыптасқан «тіл-адам-мәдениет» тұжырымдамасы негіз болды. Зерттеу нәтижесінде этиологиялық ертегілердегі анималистік лексика қазақ этносындағы қоғамдық қатынастарды, тілдік санада қалыптасқан ұлттық құндылықтарды, қазақтың психологиясын, философиясын, өмір сүру салтын бейнелейтін мәдени лексика ретінде танылды.

Ғылыми зерттеудің теориялық құндылығы лексикалық мағынаны зерттеудегі лингвомәдени тұжырымдардың зерделенуінен көрінеді. Ертегідегі анималистік лексиканы зерттеудің практикалық құндылығы ауқымды ертегі мәтіндерінің талдауға алынуымен және лексиканы лингвомәдени талдауға арналған болашақ ізденістерге материал ретінде пайдалы болуымен түсіндіріледі.

Кілт сөздер: анималистік лексика, анималистік образ, этникалық стереотиптер, зоонимдер, лингвомәдениеттану.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Зерттеу мақала анималистік лексиканы лингвомәдени әдістер арқылы талдауға арналған. Тіл білімінің антропоэзектік парадигмасы аясында тіл мен мәдениеттің байланысын зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы пайда болды. Жаңа бағыттың өкілдері В.Н. Телия, В.А. Маслова, М.В. Пименова, С.Г. Тер-Минасова, А.А. Залевская, А.Е. Карлинский, Ж. Манкеева, Г.М. Алимжанова, Н. Уәли, А. Ислам, т.б. Тіл мен мәдениеттің байланысын сөз еткенде тіл сөйлерменінің ойлау қабілеттері мен дүниетанымдық көзқарастары туралы айтпай өту мүмкін емес. Сепир-Уорф болжамына сәйкес әртүрлі мәдениет өкілдері түрліше ойлайды және адамның ойлау ерекшелігі оның тілінен көрініс табады. Адамның сөйлеуі, оның ойлауы, қоршаған ортаны тануы оның тілінде бейнеленеді. Адамдар әртүрлі тілде сөйлейді, демек бір ғана затты түрліше қабылдайды және оны бағалайды. Тіл – шындық дүние бейнесі, онда қоғамның барлық сипаты, оқиғалар, фактілер, құбылыстар көрінеді. Сондықтан коммуникация сәтті өту үшін оған қатысушылардың тілдік және аялық білімі болуы керек.

А.А. Залевская лексикалық мағынаны зерттеудегі жаңа көзқарас адамды тіл мен мәдениетті жасаушы тұлға деп тануға ықпал етті деп жазады. Лексикалық мағынаны мәдениеттен, әдет-ғұрыптан, салт-дәстүрден, бір сөзбен айтқанда қоғамның жалпымәдени дамуынан бөлек қарастыру мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда этиологиялық ертегілердегі анималистік лексиканы лингвомәдени талдау қазақ этносындағы қоғамдық қатынастарды, әлеуметтік жағдаяттарды, ұлттық мінез-құлықты, ойлау және сөйлеу ерекшеліктерін, ұлттық діл мен санада қалыптасқан стереотиптерді анықтауға және олардың себебін түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеуіміздің әдіснамалық негізіне тіл мен мәдениеттің өзара тығыз

байланысы, тіл – мәдениетті тану құралы, белгілі бір этнос мәдениетінің тілде бейнеленуі деген тұжырымдар басшылыққа алынды. Сонымен бірге тілде бейнеленген мәдени нысандарды тілдік және тілден тыс факторлардың бірлігі ретінде талдауды ұсынатын А.Е. Карлинский мен Г.М. Алимжанованың лингвомәдени ұстанымдары назарға алынды. Зерттеуде В.А. Маслова ұсынған мәтінді лингвомәдени талдау қазақ этиологиялық ертегілеріндегі мәдениетті тану тәсілі ретінде қолданылды, себебі ертегі мәтіндері мәдени мағыналарды тасымалдаушы құрал. Сондай-ақ қазақ ертегілеріндегі анималистикалық лексика арқылы берілетін мәдени мағыналар когнитивті-концептуалды талдаудың нәтижесінде түсіндірілді.

КІРІСПЕ

Тіл білімінің бір саласы ретінде қалыптасып келе жатқан лингвомәдениеттану ғылымының негізгі ұғымы ретінде тілдік бірліктер айқындалады. Лингвомәдени бірліктердің дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық ерекшеліктерді, заттар мен субъектілердің санасына байланысты сөздердің мазмұнын ескеретін «ұлттың мәдени коды» ретіндегі маңызы зор. Тіл мәдениет пен өркениеттің ажырамас тұтастығы деп анықталуы мәдени және тарихи құндылықтардан көрінеді. Зерттеудің негізгі нысаны – жануарлар туралы ертегілердегі анималистік лексика. Осы ретте зерттеу мақаланың негізгі мақсаты этиологиялық ертегілердегі анималистік лексиканың лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу міндеттері жануарлар туралы ертегілер, анималистік лексика туралы жазылған теориялық еңбектерді қарастыру, этиологиялық ертегілердегі анималистік лексиканың лингвомәдени сипатын көрсетумен анықталады.

Ежелгі түркілер өмірлерін жануарларсыз елестете алмаған. Дала атрибутының көрінісі ретінде адам санасында жылқы, қасқыр, түйе, бұлан, құстар маңызды рөл атқарады. Аталған зоонимдер көшпенді халықтың шынайы өмірін көрсетіп қоймай, тұтастай өмірі, тұрмысы аңмен байланысты екенінен хабар береді. Осылайша анималистік лексика жануарлар әлемінің негізгі функциясы адам мен табиғат арасын байланыстырып, репрезентациялық фигура ретінде танылатынын көреміз.

Қазақ руханиятында ертегілердің маңызы жоғары. Халық ауыз әдебиетінің прозасы ретінде танылатын ертегілердің танымдық, тәрбиелік маңыздылығы басым. Жануарлар жайлы ертегілер үш топқа ажыратылады. Бірінші топқа шығу мерзімі көне, мифтен бастау алатын этиологиялық ертегілер, екінші топқа жануарлар туралы классикалық ертегілер, үшінші топқа мысал ертегілер жатады. Ертегілерді зерттеп-зерделеудің негізінде халықтың дүниетанымындағы дүниенің тілдік бейнесі, ұлт ерекшелігі, менталитеті, этникалық ерекшеліктері айқындалады. Этностың ерекшелігі жануарлар туралы ертегілерде халық болмысын бейнелейді.

Бүгінгі таңда антропоэзектік парадигманың дамуымен тіл мен мәдениетті байланыстыра зерттейтін лингвомәдениеттану ғылым саласы қалыптасты. Тіл біліміндегі бұндай жаңашылдық мәдени-тарихи мазмұн арқылы және мәдениет жемісі саналатын тілдің зерттеу пәні болуымен байланысты. Зерттеу мақалада анималистік лексиканы талдауда лингвомәдениеттанудың әдіс-тәсілдерін пайдаландық. Анималистік лексиканы мазмұндық құрылымдық талдау негізінде этиологиялық ертегілер назарға алынды. Зерттеу тақырыбының таңдалуы анималистік лексиканың жаңа ғылым саласы ретінде қалыптасуынан, сонымен қатар қоршаған әлем жайлы объективті, субъективті көзқарастардан көрінеді. Анималистік лексика құрамында қоршаған орта жөнінде қалыптасқан мифологиялық, сакральдық мотивтер танылып, дүниенің тілдік бейнесін тануға мүмкіндік береді. Анималистік лексиканы лингвомәдени талдау оны дүниенің тілдік бейнесінің бір бөлігі ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігі этникалық ерекшеліктерді негізге ала отырып, этиологиялық ертегілердегі анималистік лексиканы лингвомәдени аспектіде зерттеп, дүниенің тілдік бейнесінің бөлігі болуымен түсіндіріледі. Зерттеу мақала қазақ ертегілеріндегі жануарлар

бейнесін, мағынасын, ассоциацияларын талдау арқылы дүниенің тілдік бейнесін анықтауға қол жеткізеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу мақалада этиологиялық ертегілердегі анималистік лексиканы лингвомәдени аспектіде талдау қарастырылған. Лингвомәдени талдау арқылы этиологиялық ертегілердегі этникалық ерекшеліктер, дүние бейнесі анықталды. Мақалада лингвомәдени талдау, интерпретация, салыстырмалы әдістер қолданылды. Зерттеу материалы ретінде жануарлар әлемін бейнелейтін этиологиялық ертегілер алынып (Қазақ ертегілері. Құраст.: А. Сәулебаева. – Шымкент: «Шикула и К» ЖШС, 2013. – 104 б., 1,25 б.т.), ондағы анималистік лексика лингвомәдени аспектіде қарастырылды.

Лингвомәдениеттану жайлы В.Н. Телия екі сипаттан танылатынын айтады. Бірінші кезекте адами (мәдени) факторлар, екіншіден, тілдік факторлар; лингвомәдениеттану мәдениет феноменін антропоэзектік сипатта қарастыру екенін айтады [1, 217]. В.А. Маслова лингвомәдениеттануды гуманитарлық пән деп қарастырып, негізгі мақсаты мәдениеттің сақталуы, тілдік бірліктердегі көрінісін анықтау дейді [2, 30]. С.Г. Тер-Минасова мәдениет пен тілдің өзара байланысы, тілдік және тілдік емес мазмұнын жүйелі түрде зерттеу екенін айтады [3, 5]. Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану жайлы А. Ислам тіл мен мәдениеттің бірлігінде танылып, халықтың әлем жайлы түсініктерінің көрінісі екенін айтады [4, 25]. Осылайша тіл білімінде лингвомәдениеттану жаңа бағыт ретінде қалыптасып, қазіргі таңда мынадай бағыттардан тұрады. О. Тимофеева, А. Соломатина зерттеулерінде бес түрлі бағыт анықталған:

1. Әлеуметтік лингвомәдениеттану жеке әлеуметтік топ, этносты қарастырады;
2. Диахрониялық лингвомәдениеттану белгілі уақыт аралығындағы этностың лингвомәдени жағдайын анықтауды;
3. Салыстырмалы лингвомәдениеттану әртүрлі халықтардың лингвомәдениетін зерттейді;
4. Салғастырмалы лингвомәдениеттану тілді игеруші халықтың тілі мен мәдениеті негізінде әрі этностың менталитеті тұрғысынан анықтайды;
5. Лингвомәдени лексикография лингвоелтану сөздігін құрастырады [5, 36]. Осылайша зерттеу мақала салғастырмалы лингвомәдениеттану бағыты бойынша қарастырылады.

А. Әмірбекова, К. Есенова, А. Тымболова өз зерттеуінде қазақ халқының ұлттық дүниетанымының қалыптасуындағы лингвокогнитивтік механизмдерді мәдениетпен, қоғамның дамуымен байланыстырады [6, 779].

Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің тұрақты диалектикалық өзара әрекеттесу үдерісі мен нәтижесін зерттейді және оның нысаны осы екі субъектінің синергетикалық бірлігі болып табылады [7, 8].

Алғашында тіл мен мәдениет жайлы Платон, И. Гердер, И. Кант, В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, Л. Вайсгербер зерттеулерінде қарастыра бастаған. Қазіргі кезде тіл білімінде адамды өзек етіп зерттейтіндіктен адам санасы, танымы, ойлау құбылыстары тілдік бірліктерден көрінеді. Бүгінгі тіл біліміндегі зерттеулер әр халықтың әлемді тануымен, дүниетанымымен ешкімге ұқсамайтынын, даралық сипатын анықтады. Әлемді көру, тану қабілеттеріне сәйкес әр халықтың әлем жайлы түсініктері қалыптасады. Осы негізден әр халықтың мәдениеті өзге ұлт мәдениетінен үлкен айырмашылыққа ие. Сондықтан дүниені әр халық өзінше қабылдайды, сәйкесінше дүниенің тілдік бейнесі қалыптасады. Тілдік бірліктерде жинақтаған білімдердің жиынтығы – дүниенің тілдік бейнесі. Ю.Д. Апресян дүниенің тілдік бейнесінің объективті түрде шынайы екенін, әлем туралы қате пікірлер болғанына қарамастан барлық ақпараттардың сақталатынын айтады [8, 32]. Дүниенің тілдік бейнесінде ұлт жайлы қалыптасқан ақпараттар стереотиптерден көрінеді. Зерттеуші Ә.С. Әлметова стереотиптердің мынадай түрлерін ажыратады: этникалық стереотиптер, этномәдени стереотиптер, коммуникативтік және мінез-құлық стереотиптері, ділдік

стереотиптер, тілдік стереотиптер [9, 64]. Бұндағы этникалық стереотиптер фольклор туындыларында, аңыздарда қалыптасқан бейнелерден жасалады. Осылайша этиологиялық ертегілердегі бейнелер дүниенің тілдік бейнесінде қалыптасқан стереотиптерден, әлем жайлы түсініктерден тұрады. «Этникалық стереотип – әртүрлі этникалық топтардың физикалық, адамгершілік және ақыл-ойы туралы жалпы көзқарастардың жиынтығы» [10, 34].

Тіл білімінде анималистік лексика ұғымымен қатар зоонимдер, зооморфизмдер деген терминдер қолданылады. Лингвистикалық тұрғыдан зоонимдерді анықтау ХІХ ғасырдың аяғынан ХХ ғасыр басында басталған. Тіл білімінде О.А. Преображенский жануарлар жайлы барлық сөздердің анимализмдер деп аталуы керектігін айтады [11, 210]. Анималистік лексика тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін жеткізеді, адам туралы нақты мәлімет береді және дүниенің ұлттық тілдік бейнесінің даму динамикасын, оның құндылық әлеуетінің қалыптасуының жағымды немесе жағымсыз сипатын анықтауға мүмкіндік береді [12, 258]. Н. Муширская зооморфизмдер жануар бейнесін объективті шындыққа көшіру қызметін немесе бейнелі болмысты жүзеге асыратындығы туралы жазады [13, 75].

Зоонимдер, зооморфизмдер жайлы түрлі пікірлерге қарамастан, аталған терминдерді анималистік лексика деп танып, этиологиялық ертегілер негізінде қарастыра отырып, дүниенің тілдік бейнесінде жануарлар атаулары арқылы қалыптасқан этникалық стереотиптер, ұлттық таным қарастырылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Анималистік лексика зоонимдер мен зооморфизмдерді толығымен қамтып, ертегілерде көрініс табатын анималистік бейне, құндылықтық жүйе ұғымдарымен анықталды. Жануарлар туралы ертегілерде берілетін анималистік бейнені талдау арқылы халық танымында қалыптасқан этникалық стереотиптері қарастырылды. «Адам-Табиғат», «Адам-Құс-Этнос» бірлігінде анықталған этникалық стереотиптер жануарлар әлемін халық танымында, тіл мен мәдениет бірлігінде мұқият зерттеуді қажет ететінін көрсетті. Осы негізден жануарлар туралы ертегілер үш топта қарастырылып, қоршаған орта, табиғат туралы көзқарастарды айқын көрсетеді.

Мақалада талданған жануарлар туралы ертегілер жабайы және үй жануарлары туралы деп екіге ажыратылды. Ертегілердегі жануарлар туралы анималистік лексика антропоморфты сипатта анықталды. Ал ертегілерде адамның бейнесі адам мен табиғат қатынасын көрсетеді. Алғашында ертегілер қоршаған орта, оны мекендейтін жануарлар жайлы ақпарат беріп, тыңдаушысына табиғат әлемі туралы сабақ беру мақсатын көздеген. Түлкі жайлы ертегілерді талдай келе жануардың этникалық стереотипі қу, залым сипаттарымен анықталды. Дегенмен «Қасқыр мен кісі» ертегісінде түлкі жайлы этникалық стереотипке жаңаша көзқарас қалыптасады. Түлкі жануары өзінен күшті жануарларды алдап, қулығымен көрінсе, өзінен әлсіз жануарларға залым болуымен анықталады. Түлкі орнитологиялық ертегілерде алданып, өз қулығынан жапа шегеді. Қасқыр жайлы ертегілерде үш түрлі сипат анықталды: аңқау, залым, ақымақ деп суреттеледі. Қасқыр жайлы ертегілерде түлкі бейнесі сомдалса, қасқыр көбіне ақымақ, жапа шегуші тарап ретінде көрінеді. Ештеңеге қарамастан қасқыр күш көрсетуші, залым болып бейнеленіп, этникалық стереотипте қатыгездігімен, залымдығымен танылады. Арыстан жайлы ертегілер «орман патшасы», «аң патшасы» сипатымен ерекшеленеді. Ертегі мәтінінде көбіне қартайған бейнеде сомдалады. Күшті, қуатты жануар ретінде өзге жануарлар алдында сый-құрметке ие арыстанды қауқарсыз кезінде өзге жануарлар амандасуға келіп, құрмет тұтады. Дегенмен арыстанның да өзіне тән қулығы бар. Жануарларды алдына шақырып алып, жемтігіне айналдыруды көздейді. Ертегілерде аң патшасына ерекше мән берілуі орман, табиғат иесі болатыны жайлы түсінікпен байланысты. Осы реттен арыстан болмысы дәріптеліп, күшті, қуатты деп танылады. Ақырында арыстан ішкі қулығына қарамастан түлкіге алданып, өз қулығынан өзі жапа шегеді. Зерттеуде орнитологиялық ертегілер қарастырылып, ертегі мәтінінде құстардың болмысы жағымды-

жағымсыз сипатта көрінеді. Ертегі мәтінде құстар ақылды, түлкі сияқты қу жануарлардың сұрауларына тапқырлықпен жауап береді. Десе де қарға бейнесі жағымсыз сипатта танылады. Бүкіл жамандықтың бастауы аштық деген пікірі арқылы құс туралы жағымсыз этникалық стереотип көрінеді. Жануарлар жайлы ертегілерді талдай келе, этникалық стереотиптердің жануарлардың анималистік бейнесін ерекшелендіріп, ұлттық сипат беретінін көреміз.

ТАЛҚЫЛАУ

Дүниенің ұлттық тілдік бейнесіндегі этникалық және мәдени ерекшеліктер анималистік лексиканың түрлі тақырыптық топтары арқылы анықталады. Жануарлардың биологиялық классификациясы анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне сай сүтқоректілер, шөпқоректілер, ұшатын құстар, суда жүзетін балықтар, бауырымен жорғалаушылар деп ажыратылады. Күнделікті өмірде жануарлар үй және жабайы деп екіге бөлінеді.

Зерттеу мақаламызда этиологиялық ертегілерді мынадай категориялар бойынша ажыратамыз: жыртқыш жануарлар туралы ертегілер, оның ішінде түлкі, қасқыр жайлы ертегілер; үй жануарлары туралы ертегілер; орнитологиялық ертегілер. Түлкі жайлы ертегілер: «Түлкі мен жолбарыс», «Арыстан мен түлкі», «Түлкі мен қырғауыл», «Түлкіден де қу бір қаз», «Түлкі мен тырна», «Түлкі мен тауық», «Қасқыр мен түлкі». Түлкі жайлы ертегілерді қарастыра отырып, өз ішінде екі түрге ажыратамыз. Бірінші топ ертегілерінде түлкінің өзінен күшті, ақылды жануарларды алдауы жайлы ертегілер берілген. Екінші топ ертегілерінде түлкінің өзінен кіші, бірақ ақылды жануарлардан алдануы баяндалған. Бірінші топ ертегілерін талдасақ, «Түлкі мен жолбарыс» ертегісінде түлкінің қулығымен жолбарысты жардан құлатып жіберуі баяндалады. «Арыстан мен түлкі» ертегісінде қартайған арыстанның аң аулауға шамасы келмей, айламен аулақ болады. Хәлін білуге келген аңдарды арыстан жемтігіне айналдырыпты. Бұны естіген түлкі қулыққа басып, аман-есен оралу мақсатында арыстанмен алысырақ тілдеседі. Бұлай жасауының мақсатын арыстанға кірген із бар да, шыққан із жоғымен жеткізеді. «Арыстан, қасқыр һәм түлкі» ертегісінде ауырып жатқан арыстанның хәлін сұрап тек түлкі ғана келмегені, бұған наразы болған қасқыр түлкіні арыстанға айдап салады. Жағдайдың мәнін түсінген түлкі арыстанға ауруының емі барын, қасқырдың терісін сыпырып жесе жазылатынын айтады. «Түлкі мен тырна» ертегісінде дос болған түлкі мен тырна жайы суреттеледі. Ертегіде түлкіге арам ой келіп, тырнаның балапандарын жеп, өз күшіктеріне де үйретеді. Ертегіде түлкінің арамдық сипаты анық көрініп, достыққа сатқындық жасағаны бейнеленеді. «Қасқыр мен түлкі» ертегісінде мақтаншақ қасқыр мен қу түлкі хикаясы берілген. Қарны аш түлкі өзінен қуатты қасқырды жеңе алмайтынын біліп, қулыққа басып қасқырды жартастан секіруге мәжбүрлейді. Қасқыр мақтанып, төрт рет секіріп ақырында құлап, белі сынады. Солай түлкінің жемтігіне айналады.

Екінші топ ертегілерін қарастырсақ, «Түлкі мен қырғауыл» ертегісінде түлкінің өзі айлаға басып, қырғауылды жемтігіне айналдырмақ болады. Сондағы қулығын орманда шыққан заң деп түсіндіреді. Ендігі орманда бәрі тату болу керектігін, ешкім басқаға зорлық көрсетпеуі керектігін айтады. «Қой мен қасқыр бірге жүрсін», «түлкі мен тауық бірге жүрсін» дегенді хабарлайды [14, 16]. Алайда қырғауыл иттердің көмегімен аман қалады. «Түлкіден де бір қу бір қаз» ертегісінде қазды ұстап алған түлкінің алданғаны баяндалған. «Түлкі мен құмыра» ертегісінде егінге келген әйелдің құмырадағы сүтін тауысқан түлкінің құмырадан басын шығара алмай әлек болғаны суреттеледі. Ақырында басын шығара алмай, суға батып кетеді. «Түлкі мен тауық» ертегісінде тауықты алдап бас салмақ болған түлкінің тазыға жем болғаны суреттелген. Ертегінің негізгі идеясы – «біреуге ор қазба, өзің түсерсің».

Қазақ ертегілерінде түлкі жайлы этникалық стереотиптер қу, залым ретінде көрінеді. Дегенмен түлкінің қулығы тұтылатын ертегілер болса да, этникалық стереотип қу түлкі болмысымен сипатталады. Ертегілік сюжеттер екі бағыттан тұратын таным үдерісі ретінде саналады, нақтырақ айтатын болсақ, субъектіден объектіге және керісінше. Бұл арқылы адамзаттың табиғат құбылыстарын терең түсінуге талпынуы, жануарлар әрекетін зерттеуден қалыптасқан. Табиғаттағы жануарлардың болмысын, мінез-құлқын зерттеу арқылы оларға

адами сипат беріп, анималистік бейнелердің, стереотиптердің қалыптасуына әсер етті. Нәтижесінде жануарлар бейнесі антропоморфты сипатқа ие болды. Ертегілерде баяндалатын жануарлар немесе адам мен жануар арасындағы қарым-қатынас қақтығыс арқылы суреттеледі. Ертегі оқиғаларында жануарлар адамдардың көмекшісі ретінде немесе антогонист деп анықталады. Ертегілер оқиғалары тек жануарлар арасында құрылса, онда ертегінің антропоморфты сипаты анық көрінеді, әрі қалыптасқан этникалық стереотип тұрақты түрде айқындалады.

Қасқыр жайлы ертегілерге тоқталсақ. Қасқыр анималистік лексикасының қалыптасуының тарихы терең. Біздің танымымызда ол түркілер ұрпағын құтқарушы, киелі жануар болып табылады. «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар» демекші, ол тәңір мен пенденің арасын байланыстырушы. Қасқырдың бейнесі негізінен Көк бөрі мифологиялық символынан бастау алады. Дегенмен ертегілердегі типтік бейне ретінде қасқырдың бойынан қулық та, қомағайлық та, аңғалдық та табылады. «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан» тіркесі оның бейнесіндегі қатыгездікті сомдайды. «Ешкі мен қасқыр» ертегісінде ешкіні жемтігіне айналдырмақ болып тау етегінде тәтті шөп өсетінін айтады. Бұған өз кезегінде ешкі алдана қоймайды. Қарсы жауап қайтарып, тау етегінде емес, тау басында болатынын жеткізеді. «Ақ тиін мен қасқыр» ертегісінде ағаш үстінен қасқыр үстіне құлаған тиіннің аман қалуы баяндалады. Тиін өзін аман сақтауын сұрап, қасқырға жалбарынады. Қасқыр да тиінді босатып, неліктен олардың үнемі қуанып жүретінін сұрайды. Тиін болса өздерінің ешкімге жамандық жасамайтынын, соның негізінде үнемі шат болып жүретінін айтады. Қасқырға залым болғандықтан қапалы жүретінін айтады. Бұл ертегіде қасқырдың залымдығының табиғаты түсіндірілген. «Арыстан, қасқыр һәм түлкі» ертегісінде қасқырдың ақымақ болмысы берілген. Түлкіні орға жығам деп өзі орға түскен қасқыр оқиғасы баяндалған. «Қасқыр мен қозы» ертегісінде қасқырдың қатыгез болмысы суреттелген. «Қасқыр мен кісі» ертегісінде қасқыр мен адам қақтығысы баян етіледі. Қақпанға түскен қасқыр егіншіге өзін аңшылардан құтқар деп жалбарынып, көмек беруін сұрайды. Егінші көмек беріп, аңшылардан құтқарса, қасқыр егінші жейтінін баян етеді. Шарасыз егінші не істерін білмей тұрғанында, жақын жерде өтіп бара жатқан түлкіні көріп, жәрдем сұрайды. Түлкі болса егіншінің мынадай қабына қасқырдың сыймайтынын айтып, қулықпен қасқырды қапқа кіргізеді. Ақырында егіншіні құтқарып, қасқырға әділ жазасын береді. Қасқырдың аңқау бейнесі «Қасқыр мен түлкі» ертегісінде де баяндалған. Түлкінің қулығынан өзі жемтікке айналады.

Қасқыр жайлы ертегілерді қорытындылайтын болсақ, мынадай үш сипаты барын көреміз: залым, ақымақ, аңқау. Қасқырдың халық танымында бейнеленуі қалыптасқан этникалық стереотиптерден байқалады. Қасқырдың жыртқыштық сипаты басты назарға алынып, айналасына қатыгездігімен танылатыны баян етіледі. «Қасқыр мен кісі» ертегісінде басты персонаждың бірі адам болғандықтан басты назар табиғат пен адам қарым-қатынасынан көрінеді. Егінші қасқырға көмектесіп, аңшылардан құтқарса, қасқыр өз кезегінде сатқындық жасап, егіншінің өзін жеуге ұмтылады. Ертегіде адамды құтқару үшін түлкі көмекке келіп, түлкі жайлы этникалық стереотипке жаңа сипат береді. Түлкі жануары өз тіршілігі үшін қу екені таныла түседі.

Арыстан жайлы ертегілерде аң патшасы екені суреттеледі. Көбіне қартайған арыстанның аң аулауға хәлі келмегендіктен жануарларды өзіне шақырып, сәлем беріп амандасуын міндетті деп суреттеледі. Ертегі мәтіндерін талдай келе, арыстан жайлы этникалық стереотиптер адам-табиғат байланысын көрсетеді. Табиғатқа деген ұқыпты қарым-қатынас, адамзаттың жануарлармен байланысы шектеулерден құралған. Жануарлар культі фольклорлық шығармаларда, ғұрыптық дәстүрлерде сақталған. Осылайша халқымызда арыстан жайлы қалыптасқан этникалық стереотиптер арыстанның орман, дала тіршілігінде басты жануар болуынан көрінеді. Ертегі мәтіндерінен басқа жануарларға қарағанда күшті, айласы бар деп суреттеліп, өзге жануарлар арыстанның күшінен қорқатынын ұғынамыз. Ертегіде баяндалатын оқиғаларды талдай келе, «орман патшасы», «аң патшасы» деп арыстанды құрметтеуден аңшылық, табиғатты тану сынды алғашқы ойлаудың негіздерін көреміз. Мифологиялық түсініктер ғана емес, алғашында тіршіліктің бастауында табиғатты

тану, аңшылық сабақтары ертегілермен баяндалған. Ертегілердің алғашқы кездегі мақсаты табиғат, аңшылық жайлы ақпарат беру болған. Осы реттен арыстан күшті, қуатты деп суреттелсе де, тез алданады. «Арыстан мен түлкі» ертегісінде арыстанның қартайғаны, бұрынғыдай күші жоқ екені баяндалады. Бұл ретте өзге жануарлар арыстанды құрмет тұтып, арнайылап сәлем беруге келеді. Оқиғаның мәнін түсінген түлкі жемтік болғысы келмей, қулыққа басады. Ал арыстан болса түлкіге алданады. «Арыстан, қасқыр һәм түлкі» ертегісінде де үш жануардың қатынасы бейнеленген. Арыстанды түлкіге шағыстырып, соңында арыстан жемтігіне айналған қасқыр болады. «Егер де тірі қасқырдың терісін сыпырып алып, жылыдай жамылсаңыз» деп арыстанның дертіне ем болатынын айтады [14, 18]. Қасқыр мен түлкі арыстанға қарағанда әлсіз, дегенмен қасқыр аңқау, тойымсыз, үнемі аш жүреді. Солай өзінен әлсіз ешкі, қоян, қозы сияқты жануарларды жемтік қылуға, алдауға тырысады. Ал түлкі табиғаты өзінен күшті жануарлардан қорғану үшін қулық ойлап тауып отырады. Десе де, түлкіні алдап кететін жағдайлар да бар. Орнитологиялық ертегілерде түлкі қырғауылға алданады. Адамзаттың табиғатпен өзара байланысының нәтижесі фольклорда көрінеді.

Этиологиялық ертегілерде қозы, ешкі, түйе сияқты үй жануарлары берілген. «Жыл басына таласқан хайуандар» ертегісінде жылқы, түйе, сиыр, қой, ит, тауық, тышқан образдары сомдалған. Әр жануар адам тіршілігіне, тұрмысына пайдалы болуымен мақтанады. Ертегіде түйенің бойына сеніп, жыл басы болудан құр қалғаны айтылады. Ертегі мәтінін талдай келе, үй жануарлары туралы қалыптасқан мынадай этникалық стереотиптерді көреміз:

- Жылқы – айшылық алыс жерлерді жақын етіп, еркіндіктің, кең даланы көшіп-қонуда, тұрмыста пайдалы. Жылқы – нағыз ер жігіттің қанаты, жүйріктіктің, адалдықтың белгісі. «Жақсы ат – ер сүйегін далаға тастамайды», «Жақсы ат ерге қанат бітіреді» деген мақал-мәтелдер бар.
- Түйе – ауыр жүктерді көтереді, шөлге шыдамды, дегенмен мақтаншақ, тақаппар антропоморфтық сипатымен танылатын жануар. Ірі қара малдың бірі – түйе ауыл шаруашылығында өте тиімді болып саналады. Түйе әрқашан көшпенді халық үшін маңызды болды. Түйе қазақтар үшін байлық, берекенің белгісі деп саналады. Түйе шөл далада суға шыдамды, батылдық, күш-қуат сияқты қасиеттері бар адамның басты көмекшісі болған. Көшпелі халық арасында түйеге байланысты түрлі салт-дәстүр, халықтық таным, наным-сенімдер бар.
- Сиыр – шаруаға қолайлы, аңқау.
- Қой – сабырлы, көнбіс. Қазақы танымда қой – төлшіл, берекелі түлік. Әдетте тойға келген қонақтардың қоғамдағы орны, әлеуметтік мәртебесіне сай малдың сыйлы мүшелерінен бастабақ тартылады. Бастабаққа қойдың басы, жал-жая, жілік түрлері мен жамбас салынады.
- Ит – сақтаушы, қорғаушы, жеті қазынаның бірі.
- Тауық – халық тұрмысында пайдалы, өнімді құс.
- Тышқан – қулық, арамдық символы. Бұл ертегіде тышқан жағымсыз образда берілген. Тышқан халқымыздың танымында оба ауруын таратушы кемірушілердің бірі болып табылады. Орта ғасыр шамасында егер зиратты тышқан қазған болса, о дүниелік жан сиқырлы күшке ие болды деп танылған.

«Ешкі мен қасқыр» ертегісінде ешкі қасқырдың қулығына көнбейтін, өз еркімен жайылатын жануар ретінде танылады. Қазақы стереотип бойынша ешкі сүйкімсіздеу мал. Оның бар қасиеті тек тастан тасқа секіріп, секендеп жүру. Ешкінің бейнесін келесідей мақал-мәтелдер ашады: «Қотыр теке, қора былғар», «Серке еті – ем, ешкі еті – жел», «Селтендеген – жігіттің соры, Секендеген – серкенің соры». Ал «Қасқыр мен қозы» ертегісінде өзінен күшті жануарға күші сәйкес келмейтін қозының жемтікке айналғаны суреттелген. Қозы қасқырды алдауға тырысқанмен, қарсы шығар күш те, айбат та жоқ. Үй жануарлары жайлы қалыптасқан стереотиптерде қозы, лақ сияқты төлдер қасқыр, түлкі сияқты жануарларға жемтік болумен көрінсе, ешкі, сиыр, өгіз, түйе, жылқы жануарлары оларға қарсы айбат көрсете алуымен ерекшеленеді.

Орнитологиялық ертегілер адамның әлемді тануында белгілі бір қызметтер атқарады. Бұл жөнінде зерттеуші С. Жиренов: «Орнитологизмдер арқылы жасалған ертегілер ғаламның кейіпкерлері адам мен құстың өзара қатынасы, мінез-құлық ерекшеліктері, өзіндік қасиеттері, тілдік құралдарда бедерленіп, белгілі бір тілдегі мәдениеттің үлгісі немесе символдық бейне ретінде қарастырылады» [15, 89]. Осылайша жануарлар туралы ертегілердің бір тарауы ретінде орнитологиялық ертегілердің маңызы ерекше. «Түлкі мен қырғауыл» ертегісінде түлкінің қырғауылды алдап, өз жемтігіне айналдырғысы келеді. Дегенмен қырғауыл да түлкінің сырына қанық, түлкінің айтқан заңына қарсы иттердің келе жатқанын айтып, қарсы аргумент білдіреді. Қырғауылдан бұндай жауап күтпеген түлкі иттер келе жатыр дегенді естіп алды-артына қарамастан қашады. «Түлкіден де қу бір қаз» ертегісінде түлкі бір қазды ұстап алып, біраз азаптауды ойлайды. Солай түлкі қаздан былай деп сұрайды: «Ә, қаз, сенің қолыңа мен түссем, сен не қылар едің?» [14, 19]. Өз кезегінде қаз былай жауап береді: «Не қылар едім? Белгілі емес пе, сені тісіммен тістеп тұрып, екі аяғыңды кеудеме қойып, көзімді жұмып: Ә, құдай бергеніне мың шүкір! – дер едім де, сені жеп қояр едім, – депті» [14, 19]. Түлкі қаздың берген жауабына ойланып қалып, дәл солай жасауға ұйғарыпты, ал өз кезегінде қаз болса түлкіден қашып құтылады. «Жамандық неден болады?» ертегісінде қарға, көгершін бейнелері көрініс тапқан. Орнитологиялық ертегілерде қарға жағымсыз сипатта көрінеді. Ертегі мәтініне үңілетін болсақ, қарға аштық кесірінен көп туысынан айырылғанын, жамандықтың басы себебі сол екенін, осы негізден аш болмау керек деп ой түйіндейді. Ал көгершін болса, жамандықтың сүйіспеншіліктен екенін айтады. Тұрмысы, бейнесі қарама-қарсы құстардың бұлайша жауап беруінен «адам-құс-этнос» үштігіндегі сенімдер көрінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Алынған талдауларды негізге ала отырып, этиологиялық ертегілердегі анималистік лексика этникалық стереотиптерді, құндылықтық жүйесі «адам мен табиғат», «адам-құс-этнос» жүйелерінен құралғанын көреміз. Зерттеудің мақсатына сәйкес этиологиялық ертегілердегі анималистік лексиканы негізге ала отырып, ертегілердегі ақпараттар лингвомәдени тұрғыдан талданды. Зерттеу міндеттері арқылы жануарлар туралы ертегілердің дүние туралы бейненің нәтижесі екені, анималистік лексика зоонимдер мен зооморфизмдер мәнінде анықталып, этиологиялық ертегілердегі анималистік лексика этникалық стереотиптер негізінде талданды. Зерттеу мақала лингвомәдениеттану негізінде қазақ ертегілері талданып, мынадай ұсыныстар берілді: лингвомәдениеттанудың жаңа салалары бойынша зерттеулерді тілдік матрицаға түскен ақпараттармен талдау; ертегілердегі анималистік лексика құрамында танылатын анималистік бейне, этникалық зоонимдік код ұғымдарын терең қарастыру.

Зерттеу негізінде жануарлар туралы ертегілер жабайы жануарлар туралы ертегілер, үй жануарлары туралы ертегілер, орнитологиялық ертегілер деп ажыратылып, лингвомәдениеттанудағы этникалық стереотиптері талдау, салыстыру, контекстуалды әдістермен талданған. Осылайша жануарлар туралы ертегілердегі этникалық стереотиптердің мәдени маңызы айқындалған. Зерттеудің перспективасы ертегілерді лингвомәдени сипатынан талдап зерттеуді әлі де қажет ететінін көрсетеді. Соңғы кезде қалыптасқан антропоэктік парадигма негізінде тілді сол тілді игерушінің танымында, мәдениетінде зерттеу фольклорлық шығармаларда, соның ішінде ертегілерде қарастырылуы қажеттігін көрсетіп отыр. Тілдік матрицаға түскен ақпараттар тіл мен мәдениет бірлігінде қалыптасып, бүгінгі таңда фольклордың ғана емес, мәдениеттің құнды бөлігі ретінде танылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Телия В.Н. Русская фразеология в контексте культуры: семантические, прагматические и лингвокультурологические аспекты. – М. : Языки русской культуры, 1996. – 260 с.
- 2 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.

- 3 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000. – 624 с.
- 4 Ислам А. Мироззренческие концепты: лингвокультурологический анализ. – Алматы, 2008.
- 5 Тимофеева О., Соломатина А. Лингвокультурологический аспект изучения анималистической лексики (на материале английского и русского языков) // Поволжский педагогический вестник. 2022. Т. 10, No 4(37). С. 34-43.
- 6 Amirbekova A., Esenova K., Tymbolova A. Lingocognitive mechanisms of formation of national world-views of Kazakh people. // Middle-East Journal of Scientific Research, 2013, 14(6), pp. 779-783. DOI 10.5829/idosi.mejsr.2013.14.6.2135
- 7 Said-Javad Faizullaev Linguoculturology. Monograph. – Our knowledge publishing. 2023. – 84 p.
- 8 Апресян Ю.Д. Избранные труды. Т. I. Лексическая семантика: синонимические средства. 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Языки русской культуры, 1995. – 464 с.
- 9 Әлметова Ә.С. Әлемнің тілдік бейнесі және стереотип // ҚазҰУ Хабаршы. Филология сериясы. No4 (168). 2017. Б. 61-68.
- 10 Issakova S., Kultanbayeva N., Tukhtarova A., Zhetessova Zh., Kartzhan N. Linguocultural Analysis of Ethnic Stereotypes in Humorous Discourse: A Comparative Analysis. // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2023, 9(3), pp. 33-47. DOI 10.32601/ejal.903004
- 11 Преображенский О.А. Анималистический компонент в русской языковой картине //Актуальные проблемы языкознания. – 2019. – №. 8. – С. 208-212.
- 12 Marchuk L., Rarytskyi O., Lychuk M. Metaphorical biological models in artistic discourse. // XLinguae. Vol. 13. I. 2. 2020. – pp. 258-271.
- 13 Mushyrovska N. Comparative phraseological units in the Ukrainian and Italian languages: linguocultural aspects. / N. Mushyrovska // Contrastive phraseology: languages and cultures in comparison; edited by P. Ramusino, F. Mollica. – Cambridge: Cambridge Scholars Publishing, 2020. – pp. 75–87.
- 14 Қазақ ертегілері. Құраст.: А. Сәулебаева. – Шымкент: «Шикула и К» ЖШС, 2013. – 104 б.
- 15 Жиренов С. Қазақ ән мәтіндеріндегі орнитологизмдерге лингвистикалық шолу // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ, «Филология» сериясы, No2(72), 2020. Б. 87-93.

Материал 05.10.2024 баспаға түсті

Лингокультурная особенность анималистической лексики в этиологических сказках (на материалах казахских сказок)

Ж.А. Жетесова¹, С.С. Исакова¹

¹Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе, 030000, Республика Казахстан

В данной статье были проанализированы анималистические лексика в этиологических сказках путем ее интерпретации с лингвокультурологической точки зрения. Цель исследования – объяснить лингвокультурный характер анималистической лексики в казахских сказках в связи языка и культуры. В качестве объекта исследования было рассмотрено 1,25 печатных листов текста из этиологических сказок на казахском языке. Теоретической и методологической основой исследования стали выводы отечественных и зарубежных ученых-лингвокультурологов.

Новизна исследования впервые проявляется в комплексном лингвокультурном анализе анималистической лексики в казахских этиологических сказках. В основу статьи легла концепция «язык-человек-культура», сложившаяся в рамках антропоязыковой парадигмы языкознания. В результате исследования анималистическая лексика в этиологических сказках признана культурной лексикой, отражающей общественные отношения в казахской этнике, национальные ценности, сформированные в языковом сознании, психологию, философию, образ жизни казахов.

Теоретическая ценность научного исследования выражается в изучении лингвокультурных выводов в изучении лексического значения. Практическая ценность изучения анималистической лексики в сказке объясняется тем, что обширные тексты сказок взяты на анализ и полезны в качестве материала для будущих поисков лингвокультурного анализа лексики.

Ключевые слова: анималистическая лексика, анималистический образ, этнические стереотипы, зоонимы, лингвокультурология.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Телия В.Н. Русская фразеология в контексте культуры: семантические, прагматические и лингвокультурологические аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 260 с.
- 2 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
- 3 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000. – 624 с.
- 4 Ислам А. Мировоззренческие концепты: лингвокультурологический анализ. – Алматы, 2008.
- 5 Тимофеева О., Соломатина А. Лингвокультурологический аспект изучения анималистической лексики (на материале английского и русского языков) // Поволжский педагогический вестник. 2022. Т. 10, No 4(37). С. 34-43.
- 6 Amirbekova A., Esenova K., Tymbolova A. Lingocognitive mechanisms of formation of national world-views of Kazakh people. // Middle-East Journal of Scientific Research, 2013, 14(6), pp. 779-783. DOI 10.5829/idosi.mejsr.2013.14.6.2135
- 7 Said-Javad Faizullaev Linguoculturology. Monograph. – Our knowledge publishing. 2023. – 84 p.
- 8 Апресян Ю.Д. Избранные труды. Т. I. Лексическая семантика: синонимические средства. 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Языки русской культуры, 1995. – 464 с.
- 9 Альметова А.С. Языковой образ и стереотип мира // Вестник КазНУ. Серия «Филология». № 4 (168). 2017. С. 61-68.
- 10 Issakova S., Kultanbayeva N., Tukhtarova A., Zhetessova Zh., Kartzhan N. Linguocultural Analysis of Ethnic Stereotypes in Humorous Discourse: A Comparative Analysis. // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2023, 9(3), pp. 33-47. DOI 10.32601/ejal.903004
- 11 Преображенский О.А. Анималистический компонент в русской языковой картине // Актуальные проблемы языкознания. – 2019. – №. 8. – С. 208-212.
- 12 Marchuk L., Rarytskyi O., Lychuk M. Metaphorical biological models in artistic discourse. // XLinguae. Vol. 13. I. 2. 2020. – pp. 258-271.
- 13 Mushyrovskya N. Comparative phraseological units in the Ukrainian and Italian languages: linguocultural aspects. / N. Mushyrovskya // Contrastive phraseology: languages and cultures in comparison; edited by P. Ramusino, F. Mollica. – Cambridge: Cambridge Scholars Publishing, 2020. – pp. 75–87.
- 14 Казахские сказки. Составитель: А. Саулебаева. – Шымкент: ТОО «Шикула и К», 2013. – 104 с.
- 15 Жиренов С. Лингвистический обзор орнитологии в текстах казахских песен // ВЕСТНИК КазНПУ имени Абая, серия «Филология», № 2(72), 2020. С. 87-93.

Материал поступил в редакцию журнала 05.10.2024

Lingocultural features of animalistic vocabulary in etiological fairy tales (based on materials of Kazakh fairy tales)

Zh. Zhetessova¹, S. Issakova¹

¹Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

This study conducts a linguocultural analysis of animalistic vocabulary in Kazakh etiological fairy tales, highlighting the connection between language and culture. The research focuses on 1.25 printed sheets of text from Kazakh etiological tales, using the theoretical and methodological frameworks established by domestic and foreign linguoculturologists. The novelty of the study lies in its comprehensive linguocultural analysis of animalistic vocabulary within these tales, undertaken for the first time.

The analysis is grounded in the "language-man-culture" concept, developed within the anthropocentric paradigm of linguistics. The findings identify animalistic vocabulary in etiological fairy tales as cultural vocabulary, reflecting the social relationships, national values, linguistic consciousness, psychology, philosophy, and lifestyle of the Kazakh ethnic group.

The study's theoretical significance lies in its contribution to linguocultural research through an exploration of lexical meaning. Its practical value is demonstrated by the analysis of large-scale fairy-tale texts, providing a foundation for further linguocultural studies of vocabulary.

Key words: animalistic vocabulary, animalistic image, ethnic stereotypes, zoonyms, linguoculturology.

REFERENCES

- 1 Teliya V.N. Russkaya frazeologiya v kontekste kultury: semanticheskie, pragmaticheskie i lingvokulturologicheskie aspekty [Russian phraseology in the context of culture: semantic, pragmatic and linguocultural aspects] (Moscow, 1996) (in Russian)
- 2 Maslova V.A. Lingvokulturologiya [Linguistic culture] (Moscow, 2001) (in Russian)
- 3 Ter-Minasova S.G. Yazyk i mezhkulturnaya kommunikaciya [Language and intercultural communication] (Moscow, 2000) (in Russian)
- 4 Islam A. Mirovozzrencheskie koncepty: lingvokulturologicheskij analiz [Worldview concepts: linguistic and cultural analysis] (Almaty, 2008) (in Russian)
- 5 Timofeeva O., Solomatina A. Lingvokulturologicheskij aspekt izucheniya animalisticheskoy leksiki (na materiale anglijskogo i russkogo yazykov) [Linguistic and cultural aspect of studying animalistic vocabulary (on the material of English and Russian languages)] (Povolzhskij pedagogicheskij vestnik, 2022) (in Russian)
- 6 Amirbekova A., Esenova K., Tymbolova A. Lingocognitive mechanisms of formation of national world-views of Kazakh people. // Middle-East Journal of Scientific Research, 2013, 14(6), pp. 779-783. DOI 10.5829/idosi.mejsr.2013.14.6.2135 (in English)
- 7 Said-Javad Faizullaev Linguoculturology. Monograph. – Our knowledge publishing. 2023. – 84 p. (in English)
- 8 Apresyan U.D. Izbrannye trudy. T. I. Leksicheskaya semantika: sinonimicheskie sredstva [Selected works. T. I. Lexical semantics: synonymous means] (Moscow, 1995) (in Russian)
- 9 Almetova A.S. Alemnin tildik beinesi zhane stereotip [Linguistic image and stereotype of the world] (KazYU Habarshy. Filologiya seriyasy 4 (168). 2017. 61-68 p. (in Kazakh)
- 10 Issakova S., Kultanbayeva N., Tukhtarova A., Zhetessova Zh., Kartzhan N. Linguocultural Analysis of Ethnic Stereotypes in Humorous Discourse: A Comparative Analysis. // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2023, 9(3), pp. 33-47. DOI 10.32601/ejal.903004 (in English)
- 11 Preobrazhenskij O.A. Animalisticheskij komponent v russkoj yazykovoju kartine [The animalistic component in the Russian language picture] //Aktualnye problemy yazykoznanija. – 2019. – 8. – 208-212 p. (in Russian)
- 12 Marchuk L., Rarytskyi O., Lychuk M. Metaphorical biological models in artistic discourse. // XLinguae. Vol. 13. I. 2. 2020. – pp. 258-271. (in English)
- 13 Mushyrovskya N. Comparative phraseological units in the Ukrainian and Italian languages: linguocultural aspects. / N. Mushyrovskya // Contrastive phraseology: languages and cultures in comparison; edited by P. Ramusino, F. Mollica. – Cambridge: Cambridge Scholars Publishing, 2020. – pp. 75–87. (in English)
- 14 Kazak ertegileri [Kazakh tales]. (Shymkent, 2013) (in Kazakh)

15 Zhirenov S. Kazakh an matinderindegi ornitologizmderge lingvistikalық sholu [Linguistic review of ornithology in Kazakh song lyrics] // Abai atyndagy KazYPU-dyn habarshysy, «Filologiya» seriyasy, 2(72), 2020. P. 87-93. (in Kazakh)

Received: 05.10.2024

ISRTI 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp93-102](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp93-102)

Zh.K. Zalledinova¹, B.S. Zhumagulova², M.Kh. Tankibayeva

¹ Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, 090000, Republic of Kazakhstan

² Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, 050022, Republic of Kazakhstan

³ Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, 050022, Republic of Kazakhstan

FORMATION OF SPIRITUAL MEANINGS IN THE PROCESS OF SECONDARY LINGUISTIC INTERPRETATION

*In linguistic studies, the exploration of spiritual and cultural narratives within literary works offers valuable insights into how language conveys complex meanings. This article examines John O'Donohue's *Anam Cara: Spiritual Wisdom from the Celtic World* through the lens of anthropocentric and interpretative theories of language. By analyzing the linguistic and cognitive mechanisms employed by the author, the study uncovers the deeper spiritual meanings embedded within the text. This analysis emphasizes the intricate relationship between language, culture, and perception, as shaped by O'Donohue's interpretative worldview.*

The primary aim of this article is to identify and analyze the additional spiritual meanings, cognitive models, and linguistic mechanisms that shape these meanings in O'Donohue's secondary subjective interpretation of the world. The study explores how the author's conceptualization of both natural and geometric elements reflects broader spiritual and cultural themes.

Through a conceptual and linguistic-stylistic analysis, the article unveils additional spiritual meanings within the thematic areas of "The Irish Landscape" and "The Celtic Mind." By interpreting physical-geographical elements such as the sun, moon, sky, ocean, and stones, along with geometric concepts like lines, circles, and spirals, the study shows how these are used as markers of collective knowledge. This exploration connects the unique features of the Irish landscape to the broader Celtic worldview, demonstrating how the natural environment influences the collective consciousness of the ethnic group.

The article contributes to a deeper understanding of the cognitive and linguistic mechanisms involved in the formation of spiritual meanings. The author's unique interpretive lens on familiar physical and geometric concepts provides insights into the relationship between landscape, culture, and the collective mind, thus enriching the discourse on how spiritual wisdom is communicated through language.

Key words: anthropocentric theory of language, theory of linguistic interpretation, the secondary linguistic interpretation, cognitive and linguistic mechanisms of meaning formation, language means of meaning representation.

MAIN PROVISIONS

In the course of our study, we have consulted a wide range of studies with a cognitive orientation. It is necessary to note the contribution of the following scientists to the development of individual theoretical problems of cognitive linguistics. Abisheva [1] states that "neither meaning